



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 24 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2004 жылғы 18 қазан**

**Халықаралық резервтер және  
ақша базасы туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы за август 2004 жылғы 15 қазанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>6 693,4</b>	<b>6 698,1</b>
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	5 940,6	5 940,6
Алтын	752,8	757,5
<b>Ақша базасы, млрд. тенге</b>	<b>429,1</b>	<b>429,1</b>
КЗТ/USD (кезең аяғында)	133,10	144,22
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	414,65	417,25

\* 2003 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

\*\* ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2004 жылғы қазанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 1,9%-ға (немесе 130,5 млн. долл.) төмендеді. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету (1999 жылы шығарылған еурооблигацияларды өтеу) және Ұлттық қордың активтерін толтыру мақсатында валюта сату таза валюта қорларының (ЕАВ) 137,4 млн.долларға төмендеуіне ықпал етті. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 0,6%-ға ұлғаюы нәтижесінде 6,9 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,0%-ға , ЕАВ-мен таза активтер – 2,3%-ға төмендеді., алтынмен активтер – 0,4%-ға көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 3 963,3 млн. долл.) қоса алғанда 10660,8 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі 0,5 % болды.

**2004 жылғы қазан айының бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі (Үкіметтің шоттарының көлемін төмендету) ақша базасының 6,5%-ға (немесе 26,2 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.**